

# Microsoft License Terms

## MICROSOFT БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМІНІҢ ШАРТТАРЫ

OFFICE 2019 DESKTOP

Соңғы жаңартылуы: қыркүйек, 2018 ж.

---

**ЕГЕР СІЗДІҢ ТҮРФЫЛЫҚТЫ ЖЕРИҢІЗ (НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТІНІЗДІҢ НЕГІЗГІ ОРНЫ) АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНДА БОЛСА, МІНДЕТТІ АРБИТРАЖ МӘЛІМДЕМЕСІН ЖӘНЕ КОЛЛЕКТИВТІ ҚУЫНУДАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ 9-БӨЛІМНЕН ОҚЫҢЫЗ. ОЛ Дауды шешуге өсер етеді.**

### Microsoft жүйесін таңдағаныңыз үшін рақмет!

Office бағдарламалық жасақтамасын алу әдісіне байланысты, бұл (i) сіз және құрылғыны өндіруші немесе құрылғыға бағдарламалық жасақтаманы орнатушы немесе (ii) сіз және бағдарламалық жасақтаманы сатушыдан алған болсаңыз, Microsoft корпорациясы (немесе түрфылышты жеріңізге немесе бизнесіңіздің негізгі орналасқан жердегі бизнесіңізге байланысты оның бір филиалы) арасындағы келісім болып табылады. Microsoft — Microsoft немесе оның бір филиалы шығарған құрылғылар үшін құрылғы өндірушісі, ал егер сіз бағдарламалық құралды тікелей Microsoft үйімінан алсаңыз, Microsoft сатушы болып табылады.

Бұл келісімде Office бағдарламалық жасақтамасын пайдалану құқықтарыңыз берілген келісімде оның ішінде бағдарламалық жасақтамамен бірге берілген қосымша лицензия шарттарын және келген сілтемедегі шарттарды қарап шығыңыз қажет, себебі бұл шарттардың барлығы маңызды және сізге қолданылатын осы келісімді құрайды. Шолғыш терезесіне тиісті сілтемені қою арқылы қатысты шарттарды қарап шыға аласыз.

**Осы келісімді қабылдау немесе бағдарламалық жасақтаманы қолдану арқылы сіз осы шарттардың барлығымен келісесіз және 4-бөлімде айтылған Microsoft құпиялық мәлімдемесіне сәйкес белсенендіру және бағдарламалық жасақтаманы пайдалану кезінде кейбір ақпаратты беруге рұқсат етесіз. Егер осы шарттарды қабылдамасаңыз және орында масаңыз, сіз бағдарламалық құралды немесе оның мүмкіндіктерін пайдалана алмайсыз.** Қайтару саясаты мен сол саясатқа сәйкес төленген соманы немесе несиені қайтару үшін бағдарламалық құралды немесе құрылғыны қайтару туралы білу үшін құрылғыны өндірушіге немесе орнатушыға не болмаса егер бағдарламалық құралды тікелей сатып алсаңыз, сатушыға хабарласуға болады. Төленген соманы немесе несиені қайтару үшін бағдарламалық құралмен бірге бағдарламалық құрал орнатылған бүкіл құрылғыны қайтаруға міндеттейтін сол саясатты қолдануыңыз қажет.

### 1. Жалпы ережелер.

- Қолдану.** Бұл келісім құрылғыға алдын ала орнатылған немесе сатушыдан алып, өзіңіз орнатқан Office бағдарламалық жасақтамасына, бағдарламалық жасақтаманы (егер болса) алған медиаға, бағдарламалық жасақтамадағы кез келген қаріптерге, белгішелерге, суреттерге немесе дыбыс файлдарына және оларға басқа шарттар қолданылмайынша бағдарламалық жасақтама үшін Microsoft жаңартуларына, толықтыруларына немесе қызметтеріне де қолданылады. Егер осы

келісімде құрылғыныңда жоқ мүмкіндікке немесе қызметке қатысты шарттар болса, сол шарттар қолданылмайды.

- b. Қосымша шарттар.** Құрылғының мүмкіндіктеріне, оны конфигурациялау және қолдану жолының байланысты кейбір мүмкіндіктерді, қызметтер мен бағдарламаларды пайдалану үшін қосымша Microsoft және үшінші тарап шарттары қолданылуы мүмкін. Оларды міндетті түрде оқып шығыңыз.
- (i) Кейбір бағдарламалық жасақтама мүмкіндіктері интернеттегі қызметтерге кіру нүктесін немесе сілтемені ұсынады, ал сол қызметтерді пайдалану кейде ([aka.ms/msa](http://aka.ms/msa)) веб-торабындағы Microsoft қызметтер келісімі сияқты жеке шарттар мен құпиялық мәлімдемесі арқылы басқарылады. Осы шарттар мен саясаттарды тиісті қызметті пайдалану шарттарынан табуға болады. Қызметтер барлық аймақтарға қолданылмауы мүмкін.
  - (ii) Өндіруші немесе орнатушы бағдарламаны алдын ала орнатуы да мүмкін, ол бөлек лицензия шарттарына бағынады.
  - (iii) Бағдарламалық жасақтама осы келісімі негізінде үшінші тарап емес, Microsoft корпорациясы лицензиялайтын үшінші тарап бағдарламаларын қамтуы мүмкін. Үшінші тарап бағдарламасы бойынша ескертуралған жағдайда, олар тек ақпарат беру үшін қамтылады.
  - (iv) Бағдарламалық құрал жұмыс істеп тұрғанда, сіз мазмұнды басып шығару және бейнелеу үшін оның қаріпперін қолдануға құқылышыз. Мазмұнды басып шығару үшін қаріпперді үақытта принтерге немесе басқа шығару құрылғысына жүктеуге болады, әрі қаріпперді мазмұнға тек қаріппердегі ендіру шектеулері рұқсат еткендегі ендіре аласыз.

## 2. Орнату және пайдалану құқықтары.

- a. Лицензия.** Бағдарламалық құрал лицензияланады, бірақ сатылмайды. Осы келісімге сәйкес келісімнің барлық шарттары орындалған жағдайда, біз сізге бағдарламалық жасақтаманың бір данасын орнатуға (бағдарламалық жасақтаманы ритейлерден алған болсаңыз) және құрылғыныңда (лицензияланған құрылғыда) бір үақытта бір адамға пайдалануға рұқсат береміз. Төмендегі 12-14 бөлімдерден бағдарламалық жасақтаманың шектеулі құқықтары бар нұсқаларына, арнайы географиялық аймақтары мен нұсқаларына қолданылатын лицензиялар мен шарттардан қараңыз. Түпнұсқа емес бағдарламалық жасақтаманы Microsoft немесе өкілетті көздердегі бағдарламалық жасақтамамен жаңарту бастапқы нұсқаны немесе жаңартылған нұсқаны түпнұсқа етпейді және бұл жағдайда сізге бағдарламалық жасақтаманы пайдалану үшін лицензия берілмейді.
- b. Құрылғы.** Бұл келісімде «құрылғы» бағдарламалық құралды іске қоса алатын ішкі жад құрылғысы бар бір жабдық жүйесін (физикалық немесе виртуалды) білдіреді. Қатты дискідегі бөлім немесе диск бір құрылғы болып есептеледі.
- c. Шектеулер.** Өндіруші немесе орнатушы және Microsoft үйыми осы келісімде тікелей берілмеген (зияткерлік меншік зандарына сәйкес құқықтар сияқты) барлық құқықтарды өздерінде қалдырады. Мысалы, бұл лицензия төмендегілерді жүзеге асыруға ешқандай құқықтар бермейді:
- (i) бағдарламалық құралдың мүмкіндіктерін бөлек пайдалану немесе виртуалды ету;

- (ii) бағдарламалық жасақтаманы жариялау, көшірмесін жасау, жалға беру немесе қарызға беру;
- (iii) бағдарламалық құралды (осы келісімде рұқсат берілген жағдайда) үшінші тарапқа беру;
- (iv) бағдарламалық құралдағы қандай да бір техникалық шектеулерден айналып өту;
- (v) коммерциялық мақсатта орналастыру үшін бағдарламалық жасақтаманы серверлік бағдарламалық жасақтама ретінде пайдалану, бағдарламалық жасақтаманы желі арқылы бірнеше пайдаланушы қолдана алатындей ету, бағдарламалық жасақтаманы серверге орнатып, пайдаланушыларға оған қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін беру немесе бағдарламалық жасақтаманы құрылғыда тек қашықтағы пайдаланушылар қолдану үшін орнату;
- (vi) бағдарламалық жасақтаманы кодын алу үшін шашу, декомпиляциялау, бөлшектеу немесе осы келісім рұқсат етпегеннің өзінде түрғылықты жердегі (немесе бизнесінде орналасқан жердегі) заң рұқсат берген кезден басқа уақытта мұны орындауға тырысу. Бұл жағдайда, заңда рұқсат берілсе, орындауға болады; немесе
- (vii) интернет негізінде мүмкіндіктерді қолданған кезде сол мүмкіндіктерді басқа адамның оны пайдалануына кедергі келтіретіндей етіп немесе рұқсат алуға әрекет ету үшін не болмаса қызметті, деректерді, тіркелгіні не желіні рұқсат етілмеген жолмен пайдалану үшін қолдануға болмайды.

**d. Сценарийлерді бірнеше рет пайдалану.**

- (i) **Бірнеше нұсқалар.** Бағдарламалық құралды алғанда сізге бірнеше нұсқасы (мысалы, 32 биттік және 64 биттік нұсқалар) беріледі, бір уақытта тек солардың біреуін орнатып, белсендіруге болады.
- (ii) **Бірнеше немесе біріктілген қосылымдар.** Аппараттық құралды немесе бағдарламалық жасақтаманы байланыстарды біріктіру немесе жинақтау үшін пайдалануға, я болмаса, басқалай бірнеше пайдаланушыға немесе бірнеше компьютерге немесе құрылғыға лицензияланған компьютер арқылы бағдарламаға жанама түрде кіруге немесе пайдалануға мүмкіндік беруге болмайды.
- (iii) **Виртуалды ортада пайдалану.** Бұл лицензия құрылғының физикалық немесе виртуалды болғанына қарамастан, бір құрылғыда пайдалану үшін бағдарламалық құралдың тек бір данасын орнатуға рұқсат береді. Бағдарламалық құралды бірнеше виртуалды құрылғыда пайдаланғыңыз келсе, әрқайсысы үшін бөлек лицензия алу қажет.
- (iv) **Қашықтан ашу.** Лицензияланған құрылғыда орнатылған бағдарламаны бір уақытта басқа пайдаланушы пайдаланып жатпаған жағдайда, құрылғыда орнатылған бағдарламалық жасақтаманы қашықтан басқару технологиялары арқылы кез келген құрылғыдан ашуға және оны пайдалануға болады. Басқа уақытта басқа пайдаланушылар қашықтан ашу технологиясы арқылы басқа құрылғыдан лицензияланған құрылғыны, тек сол бағдарламалық құралмен бірдей немесе жоғары шығарылымын іске қосу үшін бөлек лицензияланған құрылғыда аша алады.

**(v) Қашықтан көмек көрсету.** Бағдарламалық құрал үшін қосымша лицензия алмастан, белсенді сеансты бөлісу үшін қашықтан көмек алу технологиясын пайдалануға болады. Қашықтағы көмекші бір пайдаланушыға басқа пайдаланушы құрылғысына тікелей қосылуға, әдетте, ақауларды жою мақсатында мүмкіндік береді.

**е. Сақтық көшірме.** Бағдарламалық жасақтаманың сақтық көшірмесіне ([office.com/backup](http://office.com/backup)) торабында жүктеп алуға немесе тұтынушыларды қолдау қызметіне ([aka.ms/mssupport](http://aka.ms/mssupport)) тапсырыс беруге болады, ритетлерден бөлек бағдарламалық жасақтама ретінде алынған жағдайда төменде сипатталғандай, бағдарламалық жасақтаманы тасымалдау үшін де сол сақтық көшірмені пайдалануға болады. Сақтық көшірме құқығы бағдарламалық құралдың тұрмыста пайдалануға қолданылмайды (14-бөлімді қараңыз).

**3. Үшінші тараптарға беру.** Бұл бөлімнің шарттары бағдарламалық жасақтама Еуропалық экономикалық аймақта (ЕЭА) сатып алынған жағдайда қолданылмайды және оны тек басқа ЕЭА тұрғынына ғана беруге болады. Бұндай жағдайда кез келген бағдарламалық жасақтаманың берілуі және құқықтары тиісті заныншты болады.

**а. Құрылғыға алдын ала орнатылған бағдарламалық құрал.** Егер құрылғыға алдын ала орнатылған бағдарламалық жасақтаманы алсаңыз, бағдарламалық жасақтаманы тікелей басқа пайдаланушы қолдануы үшін тек лицензияланған құрылғымен бірге жіберуге болады. Жібергенде бағдарламалық жасақтама мен өнім кілтімен қоса түпнұсқалы Office жапсырмасы (егер құрылғымен берілген болса) болуы тиіс. Кез келген үшінші тарапқа рұқсат етілген жіберу кезеңіне дейін, басқа тарап осы келісімнің бағдарламалық құралды жіберу және пайдалану үшін қолданылатынымен келісіу керек.

**б. Сатушыдан алынған бөлек бағдарламалық жасақтама үшін.** Бағдарламалық жасақтаманы сатушыдан бөлек бағдарламалық жасақтама ретінде алсаңыз, әр 90 күн сайын тек бір-ақ рет (жабдығының бұзылған жағдайда ертерек ауыстыруға болады) оны өзіңіздің басқа құрылғының тасымалдауға болады. Бағдарламалық жасақтаманы басқа құрылғыға тасымалдасаңыз, ол құрылғы «лицензияланған құрылғы» болады. Бағдарламалық құралды басқа адамға тиесілі құрылғыға да (i) бағдарламалық құралдың бірінші лицензияланған пайдаланушысы болсаңыз және (ii) жаңа пайдаланушы осы келісімнің шарттарымен келіссе, жіберуге болады. Бағдарламалық құралды жаңа құрылғыға жіберген сайын, бағдарламалық құралды алдыңғы құрылғыдан жою қажет. Лицензияны құрылғылармен бөлісу үшін бағдарламалық жасақтаманы тасымалдауға болмайды.

**4. Құпиялық; Деректерді пайдалануға келісу.** Біз үшін сіздің құпиялығыңыз маңызды. Бағдарламалық құралдың кейбір мүмкіндіктерін пайдаланғанда, олар ақпаратты жібереді немесе қабылдайды. Бұл мүмкіндіктердің көбісін пайдаланушы интерфейсінен қосуға немесе өшіруге болады немесе оларды пайдаланбауды таңдауға болады. Осы келісімді қабылдау немесе бағдарламалық құралды қолдану арқылы Microsoft құпиялық мәлімдемесінде ([aka.ms/privacy](http://aka.ms/privacy)) сипатталғандай және бағдарламалық құрал мүмкіндіктерімен байланысты пайдаланушы интерфейсінде сипатталуы мүмкін болғандай Microsoft корпорациясының ақпаратты жинау, пайдалану және жариялау мүмкіндігімен келісесіз.

**5. Рұқсат етілген бағдарламалық құрал мен белсендіру.** Егер сіз тек дұрыс лицензияланған және бағдарламалық құрал түпнұсқалы өнім кілтімен немесе басқа рұқсат етілген әдіспен дұрыс

белсендірілген болса, осы бағдарламалық құралды пайдалану құқығының болады. Бағдарламалық құралды пайдаланып отырғанда Интернетке қосылсаңыз, бағдарламалық құралдың түпнұсқа және лицензия лицензияланған құрылғымен байланысты екенін растау үшін автоматты түрде Microsoft үйіміна немесе филиалдарына хабарласады. Географиялық орналасқан жерінде байланысты, бағдарламалық құралды интернет немесе телефон арқылы қолмен белсендіруге де болады. Басқа жағдайда, кейбір ақпаратты жіберу әрекеті орындалып, Интернет, телефон және SMS қызметі үшін ақы алуы мүмкін. Белсендіру (немесе құрылғының компоненттерін өзгерту арқылы орындалған қайта белсендіру) кезінде бағдарламалық құрал орнатылған дананың түпнұсқа емес, дұрыс лицензияланбағанын немесе рұқсат етілмеген өзгертулер қамтитынын анықтауы мүмкін. Белсендіру орындалмаса, бағдарламалық құрал кез келген Microsoft бағдарламалық құралын түпнұсқалы Microsoft бағдарламалық құралымен алмастырып, өздігінен түзетуге әрекет етеді. Бағдарламалық құралды интернет арқылы белсендірген болсаңыз, лицензияланған құрылғыдағы лицензияны растау мақсатында кейбір кездері интернетке қосылып тұруыңыз қажет болуы мүмкін, қосылмаған жағдайда бағдарламалық құралдың функциялары шектелуі мүмкін. Сондай-ақ, бағдарламалық құралдың дұрыс лицензиясын алу туралы еске салғыштар алуыңыз мүмкін. Белсендіруді елемеуге немесе айналып өтуге болмайды. Кейбір жаңартуларға қолдау және басқа қызметтер тек түпнұсқалы Microsoft бағдарламалық құралын пайдаланушыларға ұсынылуы мүмкін.

- 6. Жаңартулар.** Бағдарламалық жасақтама жүйелі түрде жаңартуларды тексеріп отырады және оларды сіз үшін жүктеп, орнатады. Жаңартуларды тек Microsoft компаниясынан немесе оның өкілетті тұлғаларынан алуға болады және осы келісім шарттарын қабылдау арқылы ешбір қосымша ескертусіз осындай автоматты жаңартуларын алуға келісесіз.
- 7. Географиялық және экспорттық шектеулер.** Егер бағдарламалық құралыңыз нақты географиялық аймақта пайдаланумен шектелген болса, бағдарламалық құралды тек сол аймақта белсендіруге болады. Сіз мақсатты жердегі шектеулерді, соңғы пайдаланушыны және соңғы пайдалануды қамтитын бағдарламалық құралға қолданылатын экспорттау туралы барлық мемлекеттік және халықаралық заңдар мен ережелерді сақтауға тиістісіз. Экспорттық шектеулер туралы қосымша ақпарат алу үшін ([aka.ms/exporting](#)) веб-сайтына кіріңіз.
- 8. Қолдау көрсету және төленген соманы қайтару процедураалары**
  - a. Құрылғыға алдын ала орнатылған бағдарламалық құрал үшін.** Жалпы бағдарламалық құрал үшін қолдау сұрақтары бойынша өндірушіге немесе орнатушыға хабарласыңыз. Бағдарламалық құралмен бірге берілген қолдау нөмірін қараңыз. Тікелей Microsoft үйімінан алынған жаңартулар мен қосымшалар үшін Microsoft үйімі жеке лицензияланған бағдарламалық құрал үшін шектеулі қолдау көрсету қызметтерін ([aka.ms/mssupport](#)) веб-сайтында сипатталғандай ұсынуы мүмкін. Егер төленген соманы қайтарғының кесе, оның төленген соманы қайтару саясаттары туралы білу үшін өндірушіге немесе орнатушыға хабарласыңыз. Төленген соманы қайтару үшін бағдарламалық құралмен бірге бағдарламалық құрал орнатылған бүкіл құрылғыны қайтаруға міндеттейтін сол саясаттарды орындауыңыз қажет.
  - b. Сатушыдан алынған бағдарламалық құрал үшін.** Microsoft корпорациясы дұрыс лицензияланған бағдарламалық құралға ([aka.ms/mssupport](#)) сайтында сипатталғандай шектеулі техникалық қолдау

көрсетеді. Егер сатушыдан бағдарламалық құралды сатып алған болсаңыз және төленген соманы қайтарып алғыңыз келсе, бағдарламалық құралды алған жерде олай істеу мүмкін болмаса, Microsoft үйымының төленген соманы қайтару туралы саясаттары бойынша ақпарат алу үшін Microsoft үйымына хабарласыңыз. Мына (aka.ms/msoffices) веб-сайтын қараңыз немесе Солтүстік Америка елінде тұрып жатсаңыз, (800) MICROSOFT телефон нөмірі бойынша хабарласыңыз немесе (aka.ms/nareturns) веб-сайтын қараңыз.

**9. Егер сіз Америка Құрама Штаттарында тұрсаңыз (немесе бизнесіңіз сонда орналасса) тек қана міндettі арбитраж және біріктілген шағымнан бас тарту. Басқа елдерге 9-бөлім қолданылмайды.**

Біз ешқандай дау туындармайды деп ойлаймыз, егер туындағы қалса, сіз және біз оны 60 күн ішінде бейресми түрде шешуге әрекет етуге келісеміз. Егер шеше алмасақ, сіз және біз **Америкалық Арбитраж Ассоциациясы («AAA») Федералдық Арбитраж Заңы («FAA»)** бойынша сот төрағасының немесе сайланып қойылған адамдардың алдында сотта іс қозғамай, дауларды міндettі жеке шешуге келісеміз. Оның орнына, бейтарап төралқа сот мүшесі және төралқа сот мүшесінің шешімі ФТСЗ бойынша шектеулі қарau құқығынан басқа жағдайда нақты болады. **Топтық шағым түсіру, топтық арбитраждар, сенімді адамның жалпы сипаттағы әрекеттері мен өкілеттік қызметіндегі адамның басқа әрекеттері үшін рұқсат берілмейді. Барлық тараптардың келісімінсіз жеке әрекеттер біріктілмейді.** «Біз», «біздің» және «бізге» сөзі Microsoft үйымын, құрылғы өндірушісін және бағдарламалық құралды орнатушыны білдіреді.

- IP мекенжайынан басқаны—қамтитын даулар.** «Дау» сөзі мүмкіндігінше кең мағынада қолданылады. Бұған бағдарламалық жасақтамаға, оның бағасына, жарнамаға, маркетингке, коммуникацияға, сіздің сатып алу транзакцияның, шотқа, осы келісімге келісім-шарт, кепілдік, құқық бұзушылық, заң немесе ережелер қамтылған заңды теория бойынша сіз және өндіруші немесе орнатушы, не болмаса сіз бен Microsoft корпорациясы арасындағы шағым немесе келісім-шарттың мәжбүрлеу немесе дұрыстығына қатысты даулардан басқа).
- Алдымен пошта арқылы дау туралы ескертпе жіберіңіз.** Егер сізде шағым болып, біздің тұтынушыларды қолдау қызметінің өкілдері оны шеше алмаса, ATTN: LEGAL DEPARTMENT деп өндірушіге немесе орнатушыға АҚШ пошта қызметі арқылы Дау туралы ескертпе жіберіңіз. Егер шағымыңыз Microsoft үйымына болса, келесі мекенжай бойынша хат жолдаңыз: Microsoft Corporation, ATTN: CELA ARBITRATION, One Microsoft Way, Redmond, WA 98052-6399. Аты-жөніңізді, мекенжайыңыз бен байланыс ақпаратының, мәселені және не қалайтыныңызды жазыңыз. Пішімді (aka.ms/disputeform) веб-сайтынан алуға болады. Біз де сізге шағымыңыз болса, дәл осылай жасаймыз. 60 күннен кейін дау шешілмесе, сіз немесе біз арбитраждық сотқа жүгінеміз.
- Ұсақ дау сотын таңдау.** Дау туралы ескертпе жіберудің орнына, сот талаптарына сай келген жағдайда, тұрғылықты жеріңіздегі немесе егер Microsoft үйымына шағымдансаныңыз, бизнес орналасқан — King County, Washington USA ұсақ дау сотына — біздің үстімізден арыз беруіңізге болады.
- Арбитраж процедуросы.** AAA Коммерциялық Арбитраж Ережелеріне сай (немесе жеке тұлға болып, бағдарламалық құралды жеке және үйде қолдансаныңыз, немесе дау құны 75 000 АҚШ доллары немесе

одан аз болса не болмаса сіз жеке тұлға емессіз не бағдарламалық құралды пайдалану әдістерін, оның Коммерциялық Арбитраж Ережелеріне сай) кез келген арбитражды басқарады. Қосымша мәлімет алу үшін (aka.ms/adr) веб-сайтын қараңыз немесе 1-800-778-7879 телефон нөміріне қонырау шалыңыз. Арбитражды бастау үшін (aka.ms/arbitration) веб-сайтындағы пішімді AAA поштасына жіберіңіз; көшірмесін өндірушіге немесе орнатушыға (не болмаса дау Microsoft корпорациясымен болса, Microsoft корпорациясына) жіберіңіз. Дау 25 000 АҚШ долларын немесе одан аз соманы қамтыса, арбитр жақсы себеп табылғанша телефон арқылы хабарласады. Телефонмен хабарласу түрғылықты жеріңіз (немесе бизнестің орналасқан жері) бойынша не болмаса егер дау Microsoft үйымымен болса, біздің негізгі бизнес орнымыз — King County, Washington мекенжайы бойынша жүреді. Таңдау өзінізде. Арбитр сот орындан алғатында жеке өзінізге бірдей шығындарды тағайындаиды. Арбитр жеке шағымыңызды қанағаттандыру үшін тек сізге жеке түсіндірме шарасын немесе соттың тыйым салуын тағайындауы мүмкін. AAA ережелеріне сәйкес, арбитр өз құзіретіндегі ережелерге бағынады, соның ішінде қандай да бір арыздың арбитраж арқылы шешілүін жүзеге асырады. Алайда, арбитраж барысында сот класс үстіндегі негізде немесе өкілеттік сипатта айрықша өкілеттікке ие болады.

**e. Арбитраж төлемдері мен ақылары.**

- (i) **75 000 АҚШ доллары немесе одан аз талап ететін даулар.** Өндіруші немесе орнатушы (не болмаса егер дау Microsoft үйымына қатысты болса, Microsoft үйымы) тіркеу сомасын қайтарады және AAA мен арбитр шығындары мен ақыларын төлейді. Арбитр көрсетпес бұрын жасалған соңғы жазбаша шешім ұсынысын қабылдамасаңыз, дау барлық жағдайда арбитр шешіміне («тағайындау») жіберіледі және арбитр осы жазбаша ұсыныстан көбірек сома тағайындаса, өндіруші немесе орнатушы (не болмаса дау Microsoft үйымына қатысты болса, Microsoft үйымы) келесіні орындаиды: (1) 1000 АҚШ долларынан артық тағайындау; (2) егер болса, сенімді қорғаушы ақысын төлеу және (3) кез келген шығындарды (шағымыңызды зерттеу, дайындау және арбитражға шағым түсіру үшін қорғаушы есебіне жолдаған сарапшы күәларының ақыларын қоса) қайтару.
- (ii) **75 000 АҚШ долларынан артық талап ететін даулар.** AAA ережелері тіркеу алымының төлемін және AAA мен арбитр ақылары мен шығындарын басқарады.

- f. **Бір жыл ішінде тіркелу.** Сіз бізben бірге кішігірім шағымдар сотында немесе төралқа сотта кез келген шағымды не дауды (зияткерлік меншік дауларынан басқасы — 9.а) бөлімін қараңыз) бірінші рет тіркелген кезде бір жылдың ішінде қарауыңыз керек. Әйтпесе, ол түпкілікті тоқтатылады.
- g. **Елеулілік.** Егер 9-бөлімнің кез келген бөлігі (міндетті арбитраж және біріктілген шағымнан бас тарту) заңға қайшы келетін немесе жүзеге асырылмайтын жағдайда, қалғаны өз күшіне ие болып қалады (қандай да бір сот істері басталмай тұрып, арбитраждың шешім шығарылады), ішінара заңсыз немесе жүзеге асырылмайтын әрекет клас үстіндегі негізде немесе өкілеттік арбитражға мүмкіндік берсе, 9-бөлім толығымен жүзеге асырылмайтын болады.

**h. AAA заңдарымен қайшылық.** Егер AAA Коммерциялық Арбитраж Заңдарымен немесе Тұтынушылар Арбитражы Заңдарымен қайшылық туындаса, осы келісім бойынша анықталады.

**i. Microsoft тарап немесе үшінші тарап бенефициары ретінде.** Егер Microsoft құрылғы өндіруші болса немесе сіз бағдарламалық құралды сатушыдан алсаңыз, Microsoft осы келісім қатысушысы болады. Әйтпесе, Microsoft бейресми талқылау мен арбитраж арқылы дауларды шешу үшін тарап емес, өндірушімен немесе орнатушымен келісім жасаған үшінші тарап бенефициары болып табылады.

**10. Реттеуші заң.** Тұрған мемлекетінде немесе елініздегі (бизнесіңіз орналасқан жердегі) заңдар бағдарламалық жасақтамаға, оның құнына немесе осы келісімге, оның ішінде келісім шартты үзу бойынша шағымдар, мемлекеттің тұтынушыларды қорғау заңдарына, жосықсыз бәсекеге қарсы заңнамаға, міндетті кепілдікке қатысты заңдарға, заңсыз байыту үшін және нәтижесінде құқық бұзушылыққа апаратын әрекетке, заң негіздеріне қайшылық болғанын қарамастан арбитражға қатысты барлық шарттарды FAA реттейтіннен басқаңың бәріне байланысты шағымдар мен дауларды, реттейді.

**11. Желілер, деректер мен Интернетті қолдану.** Бағдарламалық құралдың кейбір мүмкіндіктері мен бағдарламалық құрал арқылы алынатын қызметтер үшін құрылғының Интернетке қосу қажет болуы мүмкін. Кіру мен пайдалану үшін (шығындарды қоса) ұялы немесе интернет провайдері келісімінің шарттары қолданылуы мүмкін. Бағдарламалық құралдың кейбір мүмкіндіктері Интернетке тиімді кіруге көмектесуі мүмкін, бірақ бағдарламалық құралдың пайдалану калькуляторы қызмет көрсету провайдерінің өлшемдерінен өзгеше болуы мүмкін. Сіз әрдайым (i) жеке жоспарларының бер келісімдерінде шарттарын және (ii) жалпы/ашық желілерді қоса, желілерді пайдаланудан немесе оған кіруден туындаған кез келген мәселелерді түсініп, орындауға міндеттісіз. Тек осылай жасауға рұқсаттарының болса, бағдарламалық құралды желіге қосылу үшін және сол желілер бойынша кіру ақпаратын бөлісу үшін пайдалануға болады.

**12.Шектеулі құқықтар нұсқалары.** Егер алған бағдарламалық құрал нұсқасы арнайы не шектеулі пайдалану үшін белгіленген немесе басқаша көрсетілген болса, онда тек көрсетілгендей пайдалануға болады. Бағдарламалық жасақтаманың келесі нұсқаларын коммерциялық, коммерциялық емес немесе түсімдерді жинақтау әрекеттері үшін пайдалануға болмайды.

**a. Academic немесе University.** Оқуға пайдалану үшін сатып алған үақытта білім беру мекемесінің оқушысы, оқытушысы немесе қызметкері болу қажет.

**b. Home және Student.**

**c. Қарулы күштерге арналған бағдарламалық жасақтама.** Сіз бағдарламалық жасақтаманы «Қарулы күштер үшін» деп таңбаланған нұсқаны лицензиялау үшін «Қарулы күштер құрамына кіретін, тәжірибелі пайдаланушы» болу керексіз. Америка Құрама Штаттарында «Қарулы күштер құрамына кіретін тәжірибелі пайдаланушы» болу үшін, сіз АҚШ Федерал заңдарына және нұсқауларына сәйкес Қарулы қызметтер алмасуының расталған басшысы болуының қажет.

**d. Канада қарулы күштерінің бағдарламалық жасақтамасы.** Сіз бағдарламалық жасақтаманы «Канада Қарулы Күштері» деп таңбаланған нұсқаны лицензиялау үшін «CANEX расталған басшысы» болуының қажет. CANEX қамқорлыққа алатындарға мыналар жатады:

- Қарулы күштердің (CAF) мүшелері (қатардағы және резервтегі) және олардың отбасылары;
  - Ардагерлер (бұрынғы CAF мүшелері) және олардың отбасылары, соның ішінде қайтыс болғандарының отбасылары;
  - Қазір CAF қатарында қызмет ететін шетелдік қарулы күштердің мүшелері және олардың отбасылары;
  - Мемлекеттік емес ұйымдардың, Канада қарулы күштерінің (NPF, CF) ағымдағы қызметкерлері;
  - Эскери отбасы ресурсы орталықтарының (MFRC) ағымдағы қызметкерлері;
  - Ұлттық қорғаныс департаментінің (DND) ағымдағы мемлекеттік қызметкерлері және олардың отбасылары;
  - Канаданың Корольдік атты полициясының (RCMP) қызметтегі және бұрынғы мүшелері және олардың отбасылары;
  - Канаданың Қорғаныс саласындағы зерттеу және дамыту орталығының (DRDC) ағымдағы қызметкерлері және олардың отбасылары;
  - Канаданың Қорғаныс саласындағы құрылыш ұйымының (DCC) ағымдағы қызметкерлері және олардың отбасылары;
  - Мәртебелі полковнистер/капитандар(N), подполковнистер/эскер басылары және олардың отбасылары;
  - NPF, CF қызметкерлері отбасыларының мүшелері; немесе
  - MFRC қызметкерлері отбасыларының мүшелері.

**13. Тұтынушы құқықтары; Аймақтық вариациялар.** Бұл келісімде белгілі бір занұды құқықтар айтылған. Сізде мемлекетіңдің немесе еліңіздің заны бойынша басқа құқықтар, соның ішінде тұтынушыларды қорғау құқықтары болуы мүмкін. Сонымен қатар, бағдарламалық құралды алған тарапқа қатысты құқықтарының болуы мүмкін. Егер мемлекетіңдің немесе еліңіздің зандары сол басқа құқықтарыныңды өзгертуге рұқсат бермесе, бұл келісім оларды өзгертпейді. Мысалы, бағдарламалық құралды төмендегі аймақтардың бірінен алсаңыз немесе міндettі ел зандары қолданылса, онда келесі шарттар сіз үшін қолданылады:

a. **Австралия.** «Шектелген кепілдік» сілтемелері Microsoft не болмаса өндіруші не орнатушы ұсынған тікелей кепілдік сілтемелері болып табылады. Бұл кепілдік Австралиялық тұтынушыны қорғау туралы заңына сәйкес белгіленген кепілдіктерге сәйкес құқықтарыңыз беріледі, әсіресе үшіншілікке қоса, иеленетін

басқа құқықтарға және шараларға қосымша ретінде беріледі. Бұл келісімнің ешбір бөлігі сол құқықтар мен шараларға әсер етпейді немесе оларды өзгертуейді. Нақтылай келгенде:

- (i) 8-бөлімде берілген Microsoft корпорациясының қолдау және қайтару саясаттary Австралиялық тұтынушыны қорғau туралы заңына сәйкес жүзеге асырылады;
- (ii) Австралиялық тұтынушыны қорғau туралы заңының кепілдіктері 16-бөлімде берілген бағалау және сынақ бағдарламалық жасақтамаға қолданылады;
- (iii) "ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК" бөліміндегі анық және жанама кепілдіктерін есепке алмағанда, Австралиялық тұтынушыны қорғau туралы заңының кепілдіктері бағдарламалық құралға қолданылады; және
- (iv) "ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК" бөліміндегі зақымды қамтымау және шара шектеулері Австралиялық тұтынушыны қорғau туралы заңы бойынша берілетін кепілдіктерге және соған сәйкес сіз ие болатын құқықтар мен шараларға қолданылмайды.

Австралиялық тұтынушыны қорғau туралы заңы беретін құқықтар туралы толығырақ мәліметті (aka.ms/acl) парапасынан қараңыз.

Бұл бөлімдегі «тауарлар» Microsoft не болмаса өндіруші не орнатушы тікелей кепілдік беретін бағдарламалық құралға қатысты болады. Біздің тауарларымыз үшін Австралияның Тұтынушылар құқығын қорғau заңына сәйкес алып тасталынбайтын кепілдіктер беріледі. Сізге өрескел ақаулықтар үшін алмастырып беру немесе төленген соманы қайтару және басқа негізді алдын ала болжанған шығын немесе зақым үшін өтемақы алу құқығы беріледі. Сондай-ақ, сізге тауарлардың сапасы жарамды болмаса және мәселе өрескел деп есептелмесе, оларды жөндөтіп немесе алмастырып алу құқығы беріледі.

**b. Канада.**Интернетке кіру мүмкіндігін ажыратып құрылғыда жаңартуларды алуды тоқтатуға болады.

Интернетке қайта қоссаныз немесе қосылғанда, бағдарламалық құрал жаңартуларды іздең, орнатуды жалғастыра береді.

**c. Еуропалық Одақ.**"Құқықтары шектеулі нұсқалар, Оқу немесе Университет" атты жоғарыдағы бөлімде оқу кезінде пайдалану шектеулері сіз үшін қолданылмауы мүмкін. Пайдалану құқықтарының өзгертилетін жергілікті заңдарға сәйкес болады.

**d. Германия мен Австрия.**

- (i) **Кепілдік.** Жеке лицензияланған бағдарламалық құрал көбінесе бағдарламалық құралмен бірге берілетін кез келген Microsoft үйымының материалдарында сипатталғандай жұмыс істейді. Дегенмен, өндіруші немесе орнатушы және Microsoft лицензияланған бағдарламалық құралға қатысты келісім шарт кепілдігін бермейді.
- (ii) **Жауапкершілікті шектеу.** Қасақана істелген әрекет, салақтық, Өнім сапасының жауапкершілігіне қатысты заң негіздегі шағымдар, өлімге немесе жеке басына қатысты не дene жарақатын алған жағдайда өндіруші немесе орнатушы не болмаса Microsoft тиісті заңға байланысты жауапты болады.

Алдағы сөйлемге қатысты өндіруші немесе орнатушы не болмаса Microsoft тек аздал үқыпсыздыққа жауапты болады, егер өндіруші не орнатушы не болмаса Microsoft сондай материалдың келісім шарт міндеттерін бұзса, оны толтыру осы келісім өнімділігіне байланысты орындалады, оны бұзу осы келісімнің мақсатына қауіп төндіреді және оның үйлесімділігіне тараптың тұрақты сенуіне болады («негізгі міндеттер» деп аталады). Шамалы салақтықтың басқа жағдайларында өндіруші не орнатушы немесе Microsoft шамалы салақтық үшін жауапты болмайды.

**e. Жапония.** Жапония елінде тұратын болсаңыз немесе Жапония елінде тұрған кезде бағдарламалық жасақтаманы алсаңыз және бағдарламаны ритетлерден бөлек бағдарламалық жасақтама ретінде алған жағдайда, бұл лицензияларға сәйкес сізге төмендегі құқықтар беріледі, бірақ сіз осы келісімнің барлық шарттарын орындауыңыз қажет: сіз сондай-ақ бірінші лицензияланған құрылғының иесі ретінде жеке мақсатта пайдалану үшін бағдарламалық жасақтаманың көшірмесін екінші лицензияланған бағдарламаға орнатуыңызға болады. Бағдарламалық жасақтаманы Жапония елінде тұрған кезде құрылғыға алдын ала орнатылған күйде алсаңыз, бағдарламалық жасақтаманың сақтық көшірмесін office.com/backup параллельсіз жүктеп алуыңызға және сақтық көшірмені тек қана бағдарламалық құралды сол лицензияланған құрылғыға қайта орнату мақсатында пайдалануыңызға болады.

**14.Үйде пайдалануға арналған бағдарлама.** «Тұрмыста пайдалануға арналған бағдарлама» ретінде көрсетілген бағдарламалық жасақтаманы пайдалану үшін «Бағдарламаны тұрмыста пайдаланатын тұлға» болуыңыз қажет. Бағдарламаны тұрмыста пайдаланатын тұлға болу үшін:

- Бағдарламалық жасақтамасының кепілдігі белсенді немесе осыған дейін кепілдігі белсенді болған және нақты талаптарға сай келетін, Microsoft көп пайдаланушыға арналған лицензиялық келісім жасаған үйымның қызметкері болуыңыз қажет, және
- қызметкерге көп пайдаланушыға арналған лицензиялық келісім бойынша лицензияланған бағдарламалық жасақтама көшірмесінің немесе бағдарламалық жасақтаманы қамтитын өнімнің пайдаланушысы болуыңыз қажет.

Бағдарламаны тұрмыста пайдаланатын тұлға болуға қатысты сұрақтарыңыз болса, жұмыс берушінізге хабарласыңыз.

**15.Тіл жиынтықтары және емлені тексеру құралдары.** Бағдарламалық жасақтамаға қосымша тіл нұсқасын қолдайтын тіл бұмасын немесе емлені тексеру құралын алсаңыз, сол жиынтықтағы немесе құралдағы қосымша тілдерді пайдалануыңызға болады. Тіл бумалары және емлені тексеру құралы – бағдарламаның бір бөлігі болып табылады және бөлек пайдалануға арналмаған.

**16.Бағалау және сынақ нұсқасы.** Бағалауға (сынауға не көрсетуге) пайдалану үшін бағдарламалық жасақтаманы (соның ішінде «Сатуға арналмаған» деген жазуы бар бағдарламалық жасақтамаларды) сатуға немесе бағалау кезеңінен кейін пайдалануға болмайды. Бағалау (не сынақ не көрсету) нұсқасын нақты жұмыс ортасында пайдалануға болмайды. Кейбір бағдарламалық жасақтамалар шектелген мерзіммен қолдану негізінде лицензияланған болуы мүмкін. Бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануға құқықтар сыналатын кезеңмен шектелуі мүмкін. Сынақ бағдарламалық жасақтама және сынақ кезеңінде

жүктеп алу немесе іске қосу процесі кезінде белгіленеді. Сынақ мерзімі аяқталғанда ұсынылса, сынақ мерзіміне берілген құқықтарды жазылымға немесе тұрақты құқықтарға өзгерту мүмкіндігі бар.

Құқықтардың келесі өзгеруісіз кез келген сыйналатын кезеңнің аяқталуы бойынша, сыйналатын бағдарламалық қамтамасыз етудің функционалды мүмкіншіліктердің көп бөлімі істемейді. **БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СЫНАҚ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫ «СОЛ ҚАЛПЫНДА» ЛИЦЕНЗИЯЛАНҒАН ЖӘНЕ ОНЫҢ САПАСЫ МЕН ӨНІМДІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ӨЗІҢІЗ КӨТЕРЕСІЗ. ЕГЕР БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАДА АҚАУ БОЛСА, БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НЕМЕСЕ ЖӘНДЕУ АҚЫЛАРЫН ӨЗІҢІЗГЕ АЛАСЫЗ. MICROSOFT КОРПОРАЦИЯСЫ АЙҚЫН КЕПІЛДЕМЕНИ, КЕПІЛДІКТІ НЕМЕСЕ ШАРТТАРДЫ БЕРМЕЙДІ. СІЗ ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАР БОЙЫНША БҮЛ КЕЛІСІМ ӨЗГЕРТЕ АЛМАЙТЫН ҚОСЫМША ТҮТҮНУШЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРҒА ИЕ БОЛАСЫЗ. ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАР БОЙЫНША РҰҚСАТ ЕТИЛГЕН ЖАҒДАЙДА, MICROSOFT КОРПОРАЦИЯСЫ САТУ ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА, БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖӘНЕ ЗАҢНЫҢ САҚТАЛУЫНА АРНАЛҒАН ЗАҢДЫҚ НЕГІЗДЕГІ КЕПІЛДІКТЕР БЕРМЕЙДІ.**

**17. Құқықтарды сақтау және кері байланыс.** Осы келісімде анық көрсетілгенде қоспағанда, Microsoft корпорациясы немесе кез келген занғды тұлға иеленетін немесе бақылайтын кез келген патенттер, ноу-хау, авторлық құқық, коммерциялық құпиялар, сауда белгілері немесе басқа зияткерлік меншік, соның ішінде шектеусіз кез келген атау, фирмалық безендірме, логотип немесе сол сияқтылар бойынша лицензия немесе басқа құқықтар бермейді. Егер сіз Microsoft корпорациясына кез келген идея, ұсыныс, пікір, ойыңыз немесе басқа да пікір ("Пікір") білдірсеңіз, Сіз Microsoft корпорациясына Пікіріңізді кез келген жолмен немесе кез келген мақсатқа тегін пайдалануға, бөлісуге және сатуға құқық бересіз. Сонымен бірге Сіз үшінші тараптарға пікір қамтылған Microsoft бағдарламалық құралының немесе қызметінің кез келген бөліктерін тегін пайдалануға немесе байланыстыруға құқық бересіз. Microsoft корпорациясына бағдарламалық құралын немесе құжаттамасын лицензиялауды немесе үшінші тараптарға қызметтерін қамтамасыз етуді қажет ететін қандай да лицензия қолданылатын Пікір бермейсіз, себебі Microsoft корпорациясы сіздің Пікірлеріңізді оларға қосады.

**18. Толық Келісім.** Бұл келісім (басып шығарылған лицензиялық шарттармен немесе кез келген бағдарламалық қосымшалар, жаңартулар және өндіруші не орнатушы немесе Microsoft ұсынған және сіз пайдаланып отырған қызметтерге қатысты басқа шарттар) және осы келісімде тізімделген веб-сілтемелерді қамтитын шарттар бағдарламалық жасақтаманың және кез келген қосымшалардың, жаңартулардың және қызметтердің (өндіруші не орнатушы не болмаса Microsoft ұйымы осы қосымшалар, жаңартулар немесе қызметтер бойынша басқа шарттар ұсынбаса) толық келісімі болып табылады. Бағдарламалық жасақтама ([aka.ms/useterms](#)) веб-торабына немесе бағдарламалық жасақтамадағы Файл - Есептік жазба - Бағдарлама туралы тармағына өтіп, іске қосылғаннан кейін осы келісімді қарап шығуға болады. Сондай-ақ, осы келісімдегі сілтемелердің кез келгеніндегі шарттарды URL мекенжайларын бағдарламалық жасақтама іске қосылғаннан кейін шолғыштың мекенжай жолына тери арқылы қарап шыға аласыз және осылай істеуге келісесіз. Кез келген сілтеме берілген шарттарды қоса, бағдарламалық құралды немесе қызметтерді қолданbastan бұрын шарттарды оқып шығуға келісесіз. Бағдарламалық құралды немесе қызметтерді пайдалану арқылы осы келісім мен сілтеме берілген шарттарды қабылдайтыныңызды түсінесіз. Осы келісімде ақпараттық сілтемелер де бар. Ескертпелер мен міндетті шарттарды қамтитын сілтемелер:

- Microsoft құпиялыштық туралы мәлімдемесі ([aka.ms/privacy](#))

- Microsoft қызметтер келісімі ([aka.ms/msa](http://aka.ms/msa))

\*\*\*\*\*

### **ШЕКТЕЛГЕН КЕПІЛДІК – ҚҰРЫЛҒЫ ӨНДІРУШІСІ/ОРНАТУШЫСЫ**

Құрылғы өндіруші немесе орнатушы кепілдік беретін дұрыс лицензияланған бағдарламалық құрал арқылы алынатын материалдарда сипатталғандай жұмыс істейді. Егер жаңартулар мен қосымшалар Microsoft корпорациясынан тікелей алынған болса, Microsoft корпорациясы осы шектелген кепілдіктің 90 күндік мерзімі ішінде оларға шектелген кепілдік ұсынады. Осы шектелген кепілдік сіз жасаған немесе нұсқауларды орындағандақтан пайда болатын ақауларға немесе өндіруші немесе орнатушы немесе Microsoft корпорациясының сапалы бақылауынан тыс түрған оқиғаларға таратылмайды. Бұл шектелген кепілдік бағдарламалық жасақтаманың бірінші көшірмесінің бірінші пайдаланушысы көшірмені жасаған сәттен басталады және 90 күнге созылады. Осы 90 күн ішінде өндіруші, орнатушы немесе Microsoft корпорациясынан алған қандай да бір қосымшалар, жаңартулар немесе ауыстырылып берілген бағдарламалық құрал, дегенмен сол мерзімге немесе 30 күнге ғана, қайсысы ұзағырақ болса, сол 90 күн мерзімінде қарастырылады. Бағдарламалық жасақтаманың лицензиясын тасымалдау шектеулі кепілдік мерзімін ұзартпайды.

Өндіруші немесе орнатушы және Microsoft корпорациясы басқа шұғыл кепілдіктер, кепілдемелер немесе шарттар бермейді. Өндіруші немесе орнатушы және Microsoft корпорациясы сату жарамдылығына, белгілі бір мақсатқа және заңының сақталуына сай келуіне қатысты міндетті кепілдіктер бермейді. Егер жергілікті заң міндетті кепілдіктерді алып тастауға рұқсат етпесе, ойдағы кепілдіктер немесе шарттар тек шектеулі кепілдіктің шарттары барысында жалғасады және жергілікті заң рұқсат еткенше барынша шектеледі. Егер жергілікті заң ұзақ мерзімді шектелген кепілдікті талап етсе, келісімге қарамастан, ұзақ мерзім қолданылады, бірақ тек осы келісім рұқсат еткен төлемақыларды қайтара аласыз.

Егер өндіруші не орнатушы немесе Microsoft үйімі өз таңдауы бойынша мына жағдайларда шектеулі кепілдік мерзімін үзеді: (i) бағдарламалық құралды тегін жөндейді немесе алмастырады не болмаса (ii) құны төленген болса, оны қайтара отырып, қайтарылған бағдарламалық құралды (немесе таңдау бойынша бағдарламалық құрал алдын ала орнатылған құрылғысын) қабылдайды. Өндіруші немесе орнатушы (немесе Microsoft корпорациясынан тікелей алынған жағдайда Microsoft корпорациясы), бар болған жағдайда, қосымшаларды, жаңартуларды және ауыстырылатын бағдарламалық құралды жөндеуі немесе ауыстырып беруі мүмкін немесе төленген шығындардың құнын қайтарып беруі мүмкін. Олар бұл шектелген кепілдікті бұзғаны үшін қайтаратын құн ғана болып табылады. Microsoft корпорациясына шығындар сомасын төлетуге негіздер бар болса, тек бағдарламалық жасақтамаға төленген тікелей шығындар сомасын (бағдарламалық жасақтама ақысыз алынған болса ең көбі 50 АҚШ доллары) қайтаруға болады. Құнын қайтару үшін, **сатып алғаныңызды дәлелдейтін құжаттың көшірмесін бересіз және өндірушінің немесе орнатушының құнды қайтару саясатымен келісесіз**. Құрылғы сатып алсаңыз, шынайы Тұпнұсқалық күеліктің белгісі, сондай-ақ өнім кілті құрылғыға бекітілген болуы қажет.

**Өндіруші, орнатушы немесе Microsoft үйымы ұсынуы мүмкін кез келген жөндеу, алмастыру немесе төленген соманы қайтарудан басқа, сіз осы шектеулі кепілдік бойынша, осы келісімнің кез келген басқа бөлігі бойынша немесе кез келген әдісті, шығындарды не болмаса басқа түзетулерді, оның ішінде пайданы жоғалту немесе тікелей, үздіксіз, арнайы, жанама немесе кездейсоқ шығындарды қалпына келтіре алмайсыз.** Егер жөндеу, алмастыру немесе төленген соманы қайтару кез келген шығындарыңыз толығымен өтелмесе, егер өндіруші, орнатушы немесе Microsoft үйымы шығындардың ықтималдығын білсе немесе білуі тиіс болса не болмаса түзетулер негізгі мақсаты бойынша орындалмаса, осы келісімдегі шығынды алып тастау мен түзетулер қолданылмайды. Кейбір мемлекеттерде немесе елдерде кездейсоқ жанама немесе басқа шығындарды шектеуге немесе алып тастауға рұқсат етілмейді, сондықтан, сол көрсетілген шектеулер немесе алып тастаулар сіз үшін қолданылмауы мүмкін. **Осы келісімде қамтамасыт етілмеген жағдайда да жергілікті заң өндірушіден, орнатушыдан немесе Microsoft корпорациясынан шығындарды қайтаруға құқық берсе, бағдарламалық құрал үшін төленген сомадан аспайтын соманы (егер бағдарламалық құралды тегін алсаңыз, 50 АҚШ долларына дейін) қайтара аласыз.**

#### **КЕПІЛДІК БЕРУ ТӘРТІБІ**

Қызмет немесе төленген соманы қайтару үшін сатып алғаныңызды растайтын түбіртек көшірмесін және бағдарламалық құралды жойып, Microsoft корпорациясына қайтаруды немесе бағдарламалық құралмен бірге бағдарламалық құрал орнатылған Microsoft үйымының құрылғысын қайтаруды талап ететін өндірушінің не орнатушының немесе Microsoft үйымының төленген соманы қайтару саясаттарына сәйкес беруініз қажет; өнім кілті (құрылғымен бірге берілсе) қамтылған түпнұсқалығын растайтын жапсырма күәлігі бекітілген күйінде болуы тиіс.

Бағдарламалық құрал үшін кепілдендірілген қызметті алу туралы білу үшін, құрылғыныңда көрсетілетін өндіруші не орнату мекенжайына хабарласыңыз немесе тегін телефон нөміріне қонырау соғыңыз. Егер Microsoft құрылғы өндірушісі болса немесе сіз бағдарламалық құралды сатушыдан алсаңыз, Microsoft корпорациясына келесі мекенжай бойынша хабарласыңыз:

- 1. Америка Құрама Штаттары және Канада.** Америка Құрама Штаттарында немесе Канадада алынған бағдарламалық құрал үшін шектеуді кепілдік қызметі немесе төленген соманы қайтарып алу әдісі туралы ақпаратты алу үшін Microsoft үйымына (800) MICROSOFT нөмірі арқылы телефонмен; Redmond, WA 98052-6399 мекенжайы бойынша Microsoft тұтынушыларды қолдау қызметі мен қолдау көрсету бөліміне электрондық поштамен хабарласыңыз немесе (aka.ms/nareturns) веб-торабына кіріңіз.
- 2. Еуропа, Таяу Шығыс және Африка.** Егер бағдарламалық жасақтама Еуропада, Таяу Шығыста немесе Африкада сатып алынған болса, онда шектелген кепілдік Microsoft Ireland Operations Limited компаниясымен қызмет көрсетіледі. Шектелген кепілдік негізінде шағым жасау үшін Microsoft Ireland Operations Limited, Customer Care Centre, Atrium Building Block B, Carmanhall Road, Sandyford Industrial Estate, Dublin 18, Ireland компаниясына немесе еліциздеғі Майкрософт корпорациясының өкілдігіне (aka.ms/msoffices) хабарласу қажет.
- 3. Австралия.** Егер бағдарламалық құралды Австралиядан алған болсаңыз, 13 20 58 нөмірі немесе Microsoft Pty Ltd, 1 Epping Road, North Ryde NSW 2113 Australia мекенжайы бойынша Microsoft үйымына хабарласыңыз.

4. **Басқа елдер.** Егер бағдарламалық құралды басқа елден алған болсаңыз, елініздегі Microsoft филиалының қызымет көрсету бөліміне хабарласыңыз (aka.ms/msoffices).

\*\*\*\*\*

### **ШЕКТЕЛГЕН КЕПІЛДІК – БӨЛШЕК САУДА**

Microsoft үйымы жеке лицензияланған бағдарламалық құрал көбінесе бағдарламалық құралмен бірге берілетін кез келген Microsoft үйымының материалдарында сипатталғандай жұмыс істейтініне кепілдік береді. Бұл шектеулі кепілдікке сіздің әрекеттеріңізben жасалған, нұсқауларды орындаудан болған немесе Microsoft үйымының саналы бақылауынан тыс оқиғалардан болған қындықтар кіrmейді. Шектелген кепілдік бағдарламалық жасақтаманың бірінші көшірмесінің бірінші пайдаланушысы көшірмені жасаған сәтten басталады және бір жылға созылады. Сол жылы Microsoft үйымынан алуыңыз мүмкін қосымшалар, жаңартулар немесе бағдарламалық құралды алмастыру да кепілдікке кіреді, бірақ бір жыл мерзімінде қалған үақыт үшін немесе 30 күн үшін — ұзағырағы қолданылады. Бағдарламалық құралды жіберу шектеулі кепілдік мерзімін ұзартпайды.

Microsoft корпорациясы басқа ешқандай тікелей кепілдіктер, кепілдемелер немесе шарттар ұсынбайды.

**Microsoft үйымы барлық ойдағы кепілдіктер мен шарттарды бермейді, оның ішінде тауар жағдайы, белгілі бір мақсатқа жарамдылығы мен заңның сақталуы. Егер жергілікті заң міндettі кепілдіктерді алып тастауға рұқсат етпесе, ойдағы кепілдіктер немесе шарттар тек шектеулі кепілдіктің шарттары барысында жалғасады және жергілікті заң рұқсат еткенше барынша шектеледі. Егер жергілікті заң ұзақ мерзімді шектелген кепілдікті талап етсе, келісімге қарамастан, ұзақ мерзім қолданылады, бірақ тек осы келісім рұқсат еткен төлемақыларды қайтара аласыз.**

Егер Microsoft үйымы өз таңдауы бойынша мына жағдайларда шектеулі кепілдік мерзімін үзеді: (i) бағдарламалық құралды тегін жөндейді немесе алмастырады не болмаса (ii) құны төленген болса, оны қайтара отырып, қайтарылған бағдарламалық құралды (немесе таңдау бойынша бағдарламалық құрал алдын ала орнатылған Microsoft үйымының құрылғысын) қабылдайды. **Олар бұл шектелген кепілдікті бұзғаны үшін қайтаратын құн ғана болып табылады.** Осы кепілдік сізге ерекше заңды құқықтар береді және сонымен қатар әр түрлі мемлекеттерде немесе елдерде әр түрлі болатын басқа құқықтарға ие боласыз.

**Microsoft үйымы ұсынуы мүмкін кез келген жөндеу, алмастыру немесе төленген соманы қайтарудан басқа, сіз осы шектеулі кепілдік бойынша, осы келісімнің кез келген басқа бөлігі бойынша немесе кез келген әдісті, шығындарды не болмаса басқа түзетулерді, оның ішінде пайданы жоғалту немесе тікелей, үздіксіз, арнайы, жанама немесе кездейсоқ шығындарды қалпына келтіре алмайсыз. Егер жөндеу, алмастыру немесе төленген соманы қайтару кез келген шығындарыңыз толығымен өтелмесе, егер Microsoft үйымы шығындардың ықтималдығын білсе немесе білуі тиіс болса не болмаса түзетулер негізгі мақсаты бойынша орындалмаса, осы келісімдегі шығынды алып тастау мен түзетулер қолданылмайды. Кейір мемлекеттерде немесе елдерде кездейсоқ жанама немесе басқа шығындарды шектеуге немесе алып тастауға рұқсат етілмейді, сондықтан, сол көрсетілген шектеулер немесе алып тастаулар сіз үшін қолданылмауы мүмкін. Егер осы келісім қалпына келтірмейтін болса да, жергілікті заң Microsoft үйымынан**

**шығындарды қалпына келтіруге мүмкіндік берсе, бағдарламалық құралға төлегеніңізден аспайтын соманы (егер бағдарламалық құралды тегін алсаңыз, 50 АҚШ долларына дейін) қалпына келтіре аласыз.**

### **КЕПІЛДІК БЕРУ ТӘРТІБІ**

Қызмет немесе төленген соманы қайтару үшін сатып алғаныңызды растайтын түбіртек көшірмесін және бағдарламалық құралды жойып, Microsoft үйымына қайтаруды немесе бағдарламалық құралмен бірге бағдарламалық құрал орнатылған Microsoft үйымының құрылғысын қайтаруды талап ететін Microsoft үйымының төленген соманы қайтару саясаттарына сәйкес беруініз қажет; өнім кілті (құрылғымен бірге берілсе)қамтылған түпнұсқалығын растайтын жапсырма күелігі бекітілген күйінде болуы тиіс.

1. **Америка Құрама Штаттары және Канада.** Америка Құрама Штаттарында немесе Канадада алынған бағдарламалық құрал үшін шектеуді кепілдік қызметі немесе төленген соманы қайтарып алу әдісі туралы ақпаратты алу үшін Microsoft үйымына (800) MICROSOFT нөмірі арқылы телефонмен; Redmond, WA 98052-6399 мекенжайы бойынша Microsoft тұтынушыларды қолдау қызметі мен қолдау көрсету бөліміне электрондық поштамен хабарласыңыз немесе (aka.ms/nareturns) веб-торабына кіріңіз.
2. **Еуропа, Таяу Шығыс және Африка.** Егер бағдарламалық жасақтама Еуропада, Таяу Шығыста немесе Африкада сатып алынған болса, онда шектелген кепілдік Microsoft Ireland Operations Limited компаниясымен қызмет көрсетіледі. Шектелген кепілдік негізінде шағым жасау үшін Microsoft Ireland Operations Limited, Customer Care Centre, Atrium Building Block B, Carmanhall Road, Sandyford Industrial Estate, Dublin 18, Ireland компаниясына немесе елініздегі Майкрософт корпорациясының өкілдігіне (aka.ms/msoffices) хабарласу қажет.
3. **Австралия.** Егер бағдарламалық құралды Австралиядан алған болсаңыз, 13 20 58 нөмірі немесе Microsoft Pty Ltd, 1 Epping Road, North Ryde NSW 2113 Australia мекенжайы бойынша Microsoft үйымына хабарласыңыз.
4. **Басқа елдер.** Егер бағдарламалық құралды басқа елден алған болсаңыз, елініздегі Microsoft филиалының қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз (aka.ms/msoffices).